

СОРОС-ҚАЗАҚСТАН ҚОРЫ
ҚЫЗМЕТІ ТУРАЛЫ ЕСЕП



2014-2016

МАЗМҰНЫ

Алғы сөз	3
Кіріспе	5
Адам құқықтары	7
Баршаға ашық қоғам	11
Ашықтық және есептілік	17
Жергілікті бюджет	21
Жастар бағдарламасы	25
Қоғамдық саясат	31
БАҚ-ты қолдау	35

ҚЫМБАТТЫ ОҚЫРМАНДАР,

Назарларыңызға Сорос-Қазақстан қорының 2014-2016 жылдар аралығындағы қызметіне арналған есепті үлкен қуанышпен ұсынып отырмын. Өткен үш жылдағы қызметімізді қорытындылай келе, жылдық есептерді қалыптасқан дәстүрге сай ұсыну тәжірибесінен бас тартуды ұйғардық. Оның басты себебі – Қор өзінің қызметін үш жылға алдын ала жоспарлайды, сондықтан қорытынды жасауға ең тиімді уақыт та стратегиялық циклдің аяқталған кезі екені даусыз. Тағы бір себеп – бүгінде заманауи ақпараттық технологиялар Қор қолдайтын немесе жүзеге асыратын ағымдағы жобалар туралы ақпаратты жылдам жеткізуге мүмкіндік беріп отыр. Бүгінде біз барлық шаралар туралы

Фейсбук, Твиттер және Инстаграм парақшалары арқылы баяндай аламыз. Оған қоса, Қор бюджеті мен бөлінген гранттары туралы ақпарат біздің сайтымызда тұрақты түрде жарияланып отырады. Осының бәрі мерзімдік есептің берілетін үлгісі мен мазмұнына мүлдем жаңа талаптар қояды, талдаудың тереңдігі мен рефлексивтілігін арттыруды, жетістікті көрсететін оқиғалар мен мысалдарды көптеп келтіруді талап етеді.

Есеп осы талаптардың бәріне сай келеді және Қор мен оның әріптестерінің Қазақстандағы ашық қоғамды дамыту үдерісіндегі қызметін көрсетуде пайдалы әрі қызықты ақпарат көзі болады деп үміттенемін.

Антон Артемьев
Басқарма төрағасы



Әл-Фараби даңғылы, Қазақстан.
Фото: Жанар Кәрімова

КІРІСПЕ

Қордың міндеті – Қазақстанда ашық қоғамды дамыту. 2014-2016 жылдары біз адам құқықтары, теңдік, мемлекетті басқарудағы ашықтық пен есептілік, сонымен қатар, сөз, ой еркіндігі сияқты құндылықтарды дамытуға бағытталған жобаларды қолдадық.

Алдыңғы стратегия аясында Қор қоғамдық саясатты қалыптастыруда бітімгер рөлін атқаруға мән берген болатын. 2014-2016 жылдары алдыңғы орынға Қордың ағартушы, құндылықтарды таратушы қызметтері шықты.

Іс-әрекеттің басым бағыттарын таңдау кезінде қамқоршылық кеңес пен қор басқармасына күрделі шешімдер қабылдау қажет болды. Ашық қоғамды дамыту әртүрлі бағыттар бойынша жүйелі жұмыс істеуді талап етеді, алайда Қордың ресурстары шектеулі. Мысалы, 2014 жылы Қор бірнеше жыл бойы қолдап келген паллиативтік көмек көрсету саласында жұмысты жалғастырудан бас тартты. Алайда осы шешімге келмес бұрын, Қордың қамқоршылар кеңесі бұл уақытта елімізде паллиативтік көмек көрсету мемлекеттік қолдауға ие болғанын, оның үстіне паллиативтік емделушілерге көмек көрсету саласында жұмыс істейтін ұйымдардың тұрақты желісі құрылғанын ескерді. 2014-2016 жылдарда Қор стратегиясында «Жергілікті бюджет», «Баршаға ашық қоғам», «Қоғамдық саясат» атты жаңа бастамалар пайда болды.

Осы үш жылда СҚҚ күрделі қоғамдық мәселелерді шешуде озық әрі мол тәжірибе жинақтады. Жаңа стратегиялық циклды бастаған Қор алған тәжірибесімен мемлекеттік және мемлекеттік емес

ұйымдар санатындағы серіктестерімен бөлісуге дайын.

2017 жылдан бастап Қор жұмысында осы есепте аталған көптеген бастамалар мен бағдарламалар сақталады. Олардың ішінде «Баршаға ашық қоғам», «Адам құқықтары», «Ашықтық және есептілік», «БАҚ-ты қолдау», «Қоғамдық саясат» бағдарламалары бар.

2017 жылдан бастап «Жергілікті бюджет» бастамасы «Ашықтық және есептілік» бағдарламасына қосылды. Ал «Жастар бағдарламасы» «Жаңа азаматтық бастамалар» бағдарламасына өзгерді. Жастар бұрынғыдай басты назарда қалады, дегенмен азаматтық қоғамның барлық өкілдерімен ынтымақтас болу мүмкіндігі туады. Бағдарлама мақсаты - түрлі азаматтық қоғам өкілдері арасында ой еркіндігін қорғау, азаматтық қатысуды дамыту, кемсітпеу мен инклюзия қағидаларын жылжыту үшін ынтымақтастықтың жаңа түрлерін қолдау.

Стратегия аясында «Ашық экономика» деп аталатын жаңа бастама пайда болады. Адам құқығына құрмет көрсетуді басты мақсат еткен бастама инклюзивтік экономикалық реформаларды қолдауға арналған.

Біз әр бағыт бойынша үлкен мақсаттар қойып отырмыз. Оның бәрі Қазақстанда ашық, табысты, әрі алдыңғы қатарлы қоғам құруға жағдай жасайды. Бұл мақсатқа азаматтық қоғам мен мемлекеттік мекемелердің бірлескен күш-қайраты арқасында қолжеткізуге болады. 2017-2019 жылдарға арналған үш жылдық стратегиясында СҚҚ аталған топтар арасында белсенді қарым-қатынас орната алады деп үміттенеді.

Наргис Қасенова
Қамқоршылар кеңесінің төрайымы



Ляззат Қалтаева, ҚР Парламенті Мәжілісі
депуттарының кезектен тыс сайлауы.
Алматы, 2016 ж. 20 наурыз
Фото: Владимир Третьяков

АДАМ ҚҰҚЫҚТАРЫ

Қордың негізгі қызметтерінің бірі қоғамда адам құқықтарын басты құндылыққа айналдыруға бағытталған. 2014-2016 жылдары Қор «Адам құқықтары» бағдарламасы аясында алдына екі маңызды мақсатты қойған болатын. Бірі - Қазақстанда құқық қорғаушылардың жаңа кәсіби буынын қалыптастыруға ықпал ету болса, екіншісі - құқық қорғаушы ұйымдардың қызметіне қолдау көрсету.

ЖАҢА БУЫН

2013 жылы СҚҚ «Құқық қорғаушылардың жаңа буыны» стипендиялық бағдарламасын бастады. Жоба мақсаты - осы салаға қызығушылық білдірген саясаттанушылар, заңгерлер, журналистер мен қорғаушыларды ынтымақтастыққа тартып, олардың құқық қорғаушы ретіндегі біліктілігін арттырып, саладағы ұрпақ сабақтастығын қамтамасыз етуге атсалысу. Жобаның жүзеге асып келе жатқанына 3 жылдың жүзі болды. Жыл сайын оған 10-12 қатысушы таңдалып алынады, олар адам құқығы саласындағы білім берудің халықаралық стандарттарына негізделген оқудың 4 модулінен өтеді. Бірінші модульде олар адам

құқықтары концепциясы бойынша ақпарат алады, екінші модульде тақырып таңдап, мониторингтік зерттеу жасайды, үшінші модульде таңдалған мәселе бойынша адвокациялық стратегия әзірлейді, ал төртінші модульде адам құқығы саласындағы сарапшылар алдында өз стратегиясын қорғайды.

Жоба соңында қатысушылардың үздік жобаларды жүзеге асыру үшін грант ұтып алу мүмкіндігі бар. Сонымен қатар, СҚҚ стипендиаттарына халықаралық ұйым өкілдерімен, әлемнің белді сарапшыларымен кездесуге жағдай жасайды. Оның нәтижесі стипендиаттардың зерттеулерінен көрінеді. Тәжірибелі менторлар – тәуелсіз құқық қорғаушылардың жетекшілігімен жобаға

2016 жылы бағдарламаның үшінші кезеңі қазақ тілінде өтті. Оқу жылы нәтижесінде қатысушылар алғаш рет адам құқығы саласындағы әртүрлі тақырыптар бойынша зерттеулерді мемлекеттік тілде дайындады.

қатысушылар кең ауқымды мәселелер көтереді, өз зерттеулерінде сараптамалық жұмыс жүргізеді. Жоба жүзеге асып келе жатқан уақыт аралығында қатысушылар сөз бостандығы, әділ сот талқылауына қатысу, әлеуметтік осал топтардың құқығы, білім алу мүмкіндігі, ақпарат алу сынды адам құқығының әртүрлі саласындағы зерттеулерін ұсынды. Сондай-ақ, олар стипендиялық жобадан тыс өздерінің адвокациялық стратегияларын жүзеге асырады.

«Бағдарлама маған адамның жынысына, нәсіліне, жасына, әлеуметтік жағдайы мен жыныстық бейімділігіне қарамастан бәріне ортақ болып келетін адам құқықтарын кәсіби тұрғыдан қорғауға үйретті».

Жанна Байтелова, «Құқық қорғаушылардың жаңа буыны» жобасының қатысушысы



30 адам

3 жылда стипендиялық жоба бойынша білім алды



6 жобаны

жүзеге асыру үшін грант бөлінді



ҚР Парламенті Мәжілісі
депуттарының кезектен тыс сайлауы.
Алматы, 2016 ж. 20 наурыз
Фото: Владимир Третьяков

«Бағдарлама маған кәсіби тұрғыдан өсуге, мүдделес жандарды табуға көмектесті. Алған білімімнің арқасында ерекше қажеттіліктері бар адамдардың мәселесіне барынша жан-жақты қарауға мүмкіндік алдым».

Вениамин Алаев, «Құқық қорғаушылардың жаңа буыны» жобасының қатысушысы

СҚҚ стипендиаты **Гүлмира Біржанованың** жобасы стратегиялық тартысқа, яғни ҚР Жоғарғы сотының шешімін Адам құқығы жөніндегі БҰҰ комитетінде шағымдану мүмкіндігіне бағытталған болатын.

Тағы бір стипендиат **Вениамин Алаев** мүмкіндігі шектеулі адамдардың еңбек ету құқығы туралы жағдайды зерттеді. СҚҚ қолдауымен ол мүгедектігі бар қазақстандықтарды жұмысқа қабылдау бойынша жұмыс берушілерге арналған әдістемелік ұсыныстар әзірледі, өз ұсынысын ҚР Парламенті мәжілісінің депутаттарына ұсынды.

Пархат Юсупжановтың өзі зағип жан. Ол СҚҚ-мен бірге мүмкіндігі шектеулі адамдардың тең дәрежеде жоғары білім алуын реттейтін заңнамаға түзету енгізуге бағытталған жобаны әзірлеп, оны ҚР Парламент мәжілісінің қарастыруына ұсынды.

Жоба қатысушыларының зерттеулерін СҚҚ сайтындағы “Басылымдар” бөлімінен көруге болады.

Стипендиялық бағдарлама елімізде адам құқықтарын қорғау үшін анализ бен мониторинг жасау, сапалы зерттеулер жүргізу машықтарын игерген құқық қорғаушылардың жаңа буынын қалыптастыруға бағытталған.

ҚҰҚЫҚ ҚОРҒАУШЫ ҰЙЫМДАР ҚАУЫМДАСТЫҒЫН ҚОЛДАУ

СҚҚ Қазақстанның барлық құқық қорғаушы ұйымдарымен жұмыс істейді. Олардың

ішінде Адам құқықтары мен заңдылықты сақтау жөніндегі қазақстандық халықаралық бюро, «Адам құқықтары үшін хартия» ҚҚ, «Қадыр-қасиет» ҚҚ, «Қазақстанның балалар қоры» ҚҚ және т.б. бар. Қор қазақстандық құқық қорғаушылардың БҰҰ халықаралық құқық қорғау тетіктерін дайындауға бағытталған шараларға қатысуын, балама есептер дайындауын қолдайды. Балама есептерде серіктестеріміз мемлекет тарапынан өзгерістер енгізуді қажет

ҚМЭБИ ассистент-профессоры Сергей Саяпиннің ашық дәрісі.
Астана, 2015 ж. 10 желтоқсан
Фото: Әйнеп Қайназарова





Дебаттық турнир.
ҚазМЗУ, Астана, 2016 ж. 11 желтоқсан
Фото: Әйнеп Қайназарова

ететін аспектілерге мән береді. Қазіргі кезде бұл мемлекетті белсенді араласуға, пікірлес болуға жетелейтін, мемлекеттің адам құқықтары саласындағы міндеттерін есіне салуға, оң өзгерістер мен шешілмеген мәселелерді бағалауға, сонымен қатар, өзара және БҰҰ мекемелерімен халықаралық деңгейде тәжірибе алмасуға мүмкіндік беретін маңызды құрал болып табылады.

АДАМ ҚҰҚЫҚТАРЫНЫҢ ҚҰНДЫЛЫҒЫ

10 желтоқсан – Дүниежүзілік адам құқықтары күні СҚҚ үшін ең маңызды күндердің бірі. Қор жыл сайын бұл күнді әртүрлі

«Біз адам құқықтарының дүниежүзілік күні аясында түрлі шаралар ұйымдастырып, сол арқылы адам құқықтары жат нәрсе емес, заманауи қоғамның әмбебап құндылықтары екенін көрсетуге тырысамыз».

*Айжан Ошақбаева,
«Адам құқықтары»
бағдарламасының
үйлестірушісі*

қоғамдық шаралар – пікір-сайыс турнирларын, дәрістер, конференция немесе көрмелер ұйымдастырып атап өту арқылы адам құқықтарын қорғауға бағытталған дүниежүзілік қозғалысына өз үлесін қосады.

2016 жылы СҚҚ қолдауымен Open Mind дәрісханасы негізінде «Өшпес естеліктер» дәрістерінің легі» жобасын бастады. Жоба тарихи естеліктерге, саяси

қуғын-сүргін, күштеп жер аудару мәселелеріне арналған. Жобаның мақсаты – 1930-1950 жылдардағы саяси қуғын-сүргін сынды өзге де қайғылы оқиғаларды жан-жақты, кеңінен талқылау, белгілі сарапшылардың, тарихшылардың пікірі арқылы зерттелмеген мәселелерге жауап беру және жеке оқиғаларды баяндау. Ең маңыздысы – сол қасіретті жылдардың қатесін қайталауға жол бермеу.

СҚҚ жаңа стратегиясы аясында 2017-2019 жылдары «Адам құқықтары» бағдарламасы «Құқық қорғаушылардың жаңа буыны» стипендиялық бағдарламасының қызметін жалғастырады, оны мемлекеттік және орыс тілдерінде жүргізеді. Осы бастамаға қатысты жобаларды қолдап, адам құқықтары мен еркіндіктеріне қатысты инновациялық әдістерді қолдауды жалғастырады.



Training safe қызметкері Алексей Капустин.
Фото: Владимир Третьяков

БАРШАҒА АШЫҚ ҚОҒАМ

Статистикалық мәліметтерге сәйкес, мүгедектігі бар қазақстандықтардың 4-7%-ның ғана жұмысы бар, яғни өз бетімен күн көруге мүмкіндік беретін табыс тауып отырған жандардың саны шектеулі. Ал менталдық денсаулығында бұзылыстары бар адамдар мүлдем жұмыспен қамтылмаған десе де болады. Әдетте, олардың өмірі екі сценариймен өтеді: біреулер интернатта оқшау өмір сүрсе, екіншілері ата-анасының үйінен шықпайды. Бұл адамдардың мүддесі ешкімді ойландырмайды, олардың мәселесін ешкім көтермейді. Сорос-Қазақстан қоры әрқашан әлсіз топтарды қорғап келді. Осы ретте, 2014 жылы ұраны «қоғамнан оқшауланбай өмір сүру, оқу және жұмыс істеу» болып табылатын «Баршаға ашық қоғам» бастамасы пайда болды.

ТӘУЕЛСІЗ ӨМІР СҮРУ

Тәуелсіз өмір сүру және еңбекке араласу құқығы барлық адамдар үшін бірдей. Менталдық денсаулығында бұзылыстары бар, қолдауға мұқтаж адамдар үшін әлемде өмір сүрудің балама үлгілері қарастырылған. Мәселен, 10-30 адамға арналған пәтер немесе жатақхана, сондай-ақ қорғалатын жұмыс орындары, әлеуметтік кәсіпкерлік сынды еңбекке орналастыру түрлері бар. Қазақстанда өзiрге тек интернаттар ғана жұмыс iстейдi. Мысалы, Алматыда психоневрологиялық ақауы бар 700 адамға арналған бiр интернат үйi жұмыс iстейдi, онда психиатриялық диагноз қойылған, Даун синдромы мен аутизмнің әр түрiне шалдыққан адамдар тұрады. СҚҚ өз жобаларында менталдық денсаулығында бұзылыстары

бар адамдарды тұрғын-жайға және еңбекке орналастырудың балама нұсқасын ұсынатын бiрқатар ҰЕҰ-ға қолдау көрсетiп келедi.

TRAINING CAFÉ

Жобаны жүзеге асыруға арналған грантты **Анна**

Кудиярова басқарып отырған «Қазақстанның психоаналитикалық қауымдастығы» ұйымы ұтып алған болатын.

Қазақстан үшін бұл бірегей жоба: алғаш рет менталдық денсаулығында бұзылыстары бар 40 адам (негізінен, медициналық-әлеуметтік



Training cafe қызметкері
Сәуле Тоғанбекова.
Фото: Владимир Третьяков

«Маған жұмыс істеу, басқаларға пайдалы болу қатты ұнайды. Жұмыстан қорықпаймын. Training Café-дегі әр жұмыс күні еркіндік, шаттық сыйлайды. Шын мәнінде, мен кәдімгі адамдар сияқты өмір сүргім келеді».

Алексей Капустин, 23 жаста. Интернатта тұрады, алғаш рет жұмысқа Training Café-ге орналасты

Training cafe командасы, Алматы.
Фото: СҚҚ мұрағаты

мекемелерде тұратындар) шағын кафеге жұмысқа тұрды. Кафенің ашылғаны туралы жаңалық БАҚ пен әлеуметтік желілерге жарияланды, блогерлердің көбі кафеге түскі ас ісуге келіп, өз оқырмандарын аталмыш кафеге келуге шақырды. 2016 жылы қала әкімдігі жобаға бос ғимаратты тегін берді: енді Алматыда екі Training Café болады. Балама қызметтер үлгісімен танысқан соң осындай кафелер жергілікті атқарушы биліктің қолдауымен Ақтауда және ШҚО-дағы Көкпекті кентінде ашылды.

Training Café интернаттағы 40 адамның жұмыс орнына айналды және оларға өздерін қоғамға пайдалы сезінуге көмектесті. Ал Training Café-нің 4 қызметкері – Қайрат, Ақсәуле, Жұлдыз бен Дима отбасымен қайта қауышты.

«Басында адамдар күлетін шығар, психикалық ауытқуы бар дейтін болар деп жасқандым. Бірақ психологымыз өздеріңді осы қалыптарыңда қабылдаңдар, айналадағылардың пікіріне назар аудармаңдар деп үйретті. Жұмысымды қатты жақсы көремін. Көп нәрсе үйрендім, басқалармен бөлісетін тәжірибем бар. Қонақтарды қарсы алу, қызмет көрсету, олармен сөйлесу қатты ұнайды».

Қайрат Сәрсенбиев, 25 жаста. Training Café-нің әркез күлімдеп жүретін қызметкері

КЛУБТЫҚ ҮЙІ

Клубтық үй – менталдық денсаулығында бұзылыстары бар адамдарға балама өмір сүру үлгілерінің бірі. Осындай балама өмір сүру үлгісіндегі «Альрами» клубтық үйі



Павлодарда жергілікті биліктің және СҚҚ қолдауымен жұмыс істейді. «Альрамииге» келушілер өз бетімен өмір сүруге үйренеді: қарым-қатынас жасайды, тұрмыстық дағдыларға бейімделіп, мамандық меңгереді, жұмысқа орналасуға дайындалады.

Әсіресе, клубта жұмысқа орналастыру мәселесіне ерекше мән беріледі. Себебі клубтық үйдің басты мақсаты – оның мүшелерін қоғамда өз бетімен өмір сүруге барынша бейімдеп, әлеуметтік ортаға енгізуге жағдай жасау. СҚҚ «Альрамидің» халықаралық аккредитация алу және әлемдік тәжірибенің үздік стандарттарына сай болуға деген ынтасын қолдайды. Клубтық үй жұмыс істеген уақыттан бастап 30-дан астам

адам жұмысқа орналасып, өздеріне қойылған диагнозға қарамастан, қолдаудың арқасында белсенді, тәуелсіз өмір сүріп келеді.

БАЛАЛАР ЕСЕЙДІ

Қордың тағы бір серіктесі – «Кеңес» кешенді сауықтыру орталығының тәжірибесі де үлгі аларлық. Орталық тәрбиешілері мен менталдық денсаулығында бұзылыстары бар балалардың ата-аналары балаларының (соның ішінде Дауна синдромына шалдыққандар да бар) көмелеттік жасқа жеткенде баратын жер, істейтін іс таба алмай жататынына көз жеткізді. Осы ретте, СҚҚ қолдауымен тәрбиеленушілермен байланысты үзбей, оларды



70 адам

«Альрами»-ге күндізгі стационар ретінде келеді



«Альрами» ұйымына

келіп жүрген 30 адам жұмысқа орналасты



«Маған «әрекетке қабілетсіз» диагнозы қойылды. Ол адамның өз бетінен тұра алмауын, өзіне қызмет көрсете алмауын, басқалардың көмегіне мұқтаж екенін көрсетеді. Мен өзімді әрекет етуге жарамсыз сезінбеймін, себебі өз жұмыстарымды істеймін, басқаларға да, өзіме де көмектесе аламын».

Қарлығаш Үмбетова, 25 жаста, форумға қатысушы («Арнайы әлеуметтік қызмет көрсету орталығы» КММ тұрады)

іске баулу үшін «Ересектерге арналған жұмыспен қамту орталығы» ашылды. Онда қолөнер сыныбымен қатар, құмыра жасау шеберханасы да жұмыс істейді. Орталықтың өнімдеріне коммерциялық құрылымдар сыйлық ретінде тапсырыс беріп, қуана-қуана

сатып алады.

«Кеңес» өз тәжірибесін өзге ұйымдармен бөлісіп отырады. Соңғы үш жылда аймақтағы мамандарға арналған көптеген тәжірибелік семинар-тренингтер өткізді. «Кеңес» орталығының үлгісі бойынша 2016 жылы Астанада да «Ересектерге арналған орталық» ашылды. Қазіргі таңда басқа қалаларда осындай орталықтар ашу үшін келіссөз жүргізіліп жатыр. Ересектерге арналған орталықты қолдау өте маңызды, оның қызметі адамдардың менталдық денсаулығында бұзылыстары бар жандарға деген көзқарасын өзгертеді. Нағыз инклюзия дәл осыдан басталады.

КӨРСЕТ – ТҮСІНЕМІН, АЙТ – ЕСТИМІН

«Көрсет – түсінемін, айт – естимін» атты ерекше форумды «Рух» ҚҚ СҚҚ қолдауымен өткізді. Менталдық

«Кеңес» орталығының қыш-құмыра шеберханасы. Фото: Владимир Третьяков

денсаулығында бұзылыстары бар жастар алғаш рет қалың көпшілік алдында өздері, күнделікті өмірлері, кездесетін қиындықтары туралы әңгімелейді.

Форум БАҚ және қоғам тарапынан үлкен қызығушылыққа ие болды. Форумға қатысқан спикерлердің сөзін мына [сілтемеден](#) көруге болады.

ИНКЛЮЗИВТІК БІЛІМ БЕРУ ЖОЛЫНДА

Тәжірибе көрсетіп отырғандай, бүгінде қазақстандық мектептердің басым бөлігі инклюзивтік білім беруге көшуге әлі де болса дайын емес. Бір мектептер бұл үдерісті бастағысы келгенімен, күштеріне



КӨЛЕҢКЕДІГІ ӨМІР

Сандық иллюстрация, 2016 ж.

Бұл Иван. Иван пісірілген кремді, өз үйі, теңізді, сонымен қатар өзін жақсы көретін Эннiді ұнатады. Иванның не жегі, қайда тұру, сапалық қайда бару, өз өмірін кіммен өткізу туралы таңдау мүмкіндігі жоқ. Ол үшін барлығын өзгелер шешіп қойған. Иван өмірі туралы фильмде екінші пландалы рөлді сомдаушы болып табылады.

БЫТЬ ВТОРОСТЕПЕННЫМ В СВОЕЙ СОБСТВЕННОЙ ЖИЗНИ

Цифровая иллюстрация, 2016 г.

Это Иван. Иван любит заварной крем, свой дом, море и Энн, которая также любит его. Но Иван не имеет возможности выбирать, что есть, где жить, куда поехать в путешествие, с кем проводить свою жизнь. Все решается за Ивана. В фильме о своей собственной жизни Иван играет второстепенную роль.

«Шешім қабылдаймын=Өмір сүремін» көрмесі, Алматы.
Фото: Әсел Тсуджимура



10 years
BCNL

сенімсіздік танытып жатса, өзге мектептер инклюзивтік білім беру мәселесіне кірісіп, бұл саладағы тәжірибелерін арттыруда.

2014-2016 жылдары СҚҚ инклюзивтік білім беру тәжірибесін дамытуға әртүрлі жолмен келген Қарағандыдағы №27 және Көкшетаудағы №19 орта мектептерінің жобасына қолдау көрсетті. Екі мектеп те әмбебап тәжірибе жинап, өз аймақтарында инклюзивтік білім беруді дамыту бойынша ресурстық орталыққа айналды. Көкшетаудағы №19 орта мектебі негізінде Ақмола облысының Білім беру басқармасының қолдауымен Инклюзивтік білім беруді дамыту бойынша үйлестірушілік кеңес құрылды. Бұл жерде облыстық деңгейде инклюзивтік білім беруді дамытудың басқару тетіктері мен кешенді әдістері дайындалды.

2014-2016 жылдары Қор Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университетімен ынтымақтаса отырып, «Инклюзивтік білім берудің негіздері» курсын әзірлеу бойынша сынама жобасын іске қосты. Курстың әдістемесі мен мазмұны қазақ және орыс

Инклюзивтік класс, №19 мектеп, Көкшетау.
Фото: Әсел Тсуджимура



тілдерінде ҚР бес аймағынан келген ЖОО педагогикалық оқытушыларына тәжірибелік семинарлар мен тренингілер өткізу аясында тексерілді.

Дайындалған оқу әдістемелік материалдар, соның ішінде “Инклюзивтік білім берудің психологиялық-педагогикалық терминдерінің глоссарии” кәсіби қауымдастықта белсенді түрде қолданылады.

Инклюзивтік білім беруді енгізудің маңызды шарты – үдеріске қатысушылардың бәрі «инклюзия» деген ұғымды нақты, бірауыздан түсінуі және қабылдауы. Осыны есепке ала отырып, 2016 жылы СҚҚ бастамасымен, қазақстандық мамандар мен халықаралық сарапшылар бірлестікте дайындаған «Қазақстан Республикасындағы инклюзивтік білім беруді бақылаудың ұлттық шегі (көрсеткіштері)» жобасы іске қосылды.

АТА-АНАНЫҢ ҚОЛЫНАН КЕЛМЕЙТІН ІС БОЛМАЙДЫ

Инклюзивтік білім беруді дамыту үдерісінде ерекше қажеттіліктері бар балалары бар ата-аналар маңызды рөлге ие. Олардың көбі баласын қоғамға бейімдеуді, оның білім алуына барынша жағдай жасауды өздерінің «өмірлік мақсаты» ретінде көреді. 2014 жылы Қор қазақ және орыс тілдерінде «Ата-ананың қолынан келмейтін іс болмайды» деген кітап шығарды. Онда балалары жалпы орта білім мектебі мен балабақшаға барған қазақстандық 15 отбасының жігерлендіру оқиғасы көрсетілген. Ата-аналар күйзеліспен қалай күрескендерін, рухани күш пен мамандардың көмегін қалай іздегендерін, балаларына деген сенімді қалай тәрбиелегендерін және нәтижесінде табысқа қалай жеткендерін баяндайды.

2014-2016 жылдары «Баршаға ашық қоғам» бастамасы аясында Қордың қолдауымен жүзеге асқан жобалар «оқшаулаусыз өмір сүру, оқу және жұмыс істеу» ұраны әшейін әдемі сөз емес, көп жағдайда өз мәселесімен бетпе-бет қалатын ерекше қажеттіліктері бар ересектер мен балалар үшін қолжетімді мақсат екенін дәлелдеді. Қор қолдауына ие болған жобаларда менталдық денсаулығында бұзылыстары бар адамдарға баса мән берілді. Қор өзінің жобалары арқылы ерекше қажеттіліктері бар адамдардың құқығын мойындауға және әлемнің әртүрлі екенін қалыпты құбылыс ретінде қабылдауға шақырады. Бағдарлама Қордың жаңа стратегиясы аясында өз жұмысын жалғастырады.





АШЫҚТЫҚ ЖӘНЕ ЕСЕПТІЛІК

ӨНДІРУШІ САЛАЛАРДЫҢ АШЫҚТЫҒЫ

«Ашықтық және есептілік» бағдарламасының бір бағыты Қазақстан бюджетінің негізгі табыс көзі болып отырған кен өндіруші салалардың кірістерін жариялау жұмыстары болды. Зерттеулер көрсетіп отырғандай, қазақстандықтардың басым бөлігі (83%) мемлекеттің жыл сайын мұнай мен газды сатудан қанша ақша табатынын білмейді.

Қор Өндіруші салалардың ашықтығы туралы бастамаға қосылу бойынша (ӨСАБ) ҰЕҰ коалициясын құруға бастамашы болды. ӨСАБ қарапайым тілмен айтқанда «бухгалтерлік салыстыру» жасайды: үкімет бюджетке өндіруші кәсіпорындардан қанша қаражат түскендігі туралы есеп береді, ал өндіруші кәсіпорын бюджетке қанша бергенін жариялайды. Бұл рәсімді халықаралық аудиторлық компаниялар жыл сайын өткізеді.

СҚҚ белсенді қатысуы арқасында ҚР-да ӨСАБ жүзеге асыру бойынша мүдделі тараптардың қатысуымен Ұлттық кеңес құрылды. Оған үкімет мүшелері, депутаттар, ҰЕҰ мен өндіруші компаниялар мүше болды. ӨСАБ есептерінің нәтижесі осындай құраммен талқыланады. СҚҚ мақсаты – ӨСАБ мен аймақтардағы өндіруші салалардың экономикаға кіргізер пайдасын кеңінен талқылау.

ҰЕҰ РӨЛІ

Ұйымдардың мемлекеттік мекемелермен келіссөз жүргізу барысында өз позициясын нақты түсіндіру үшін дәлелді сөйлеу машығы жетіспей жатуы мүмкін. Осы ретте, СҚҚ әр мәлімдеме таптаурын пікірлер мен эмоцияға құрылмай, зерттеу және деректерді талдау әдістеріне негізделуін насихаттайды. Бұндай кезде билік үкіметтік емес сектордың ұстанымын елеусіз қалдыра алмайды.

2016 жылы Қор BISAM-Central Asia бизнес ақпарат, социологиялық және маркетингтік зерттеу орталығына аұқымды талдау жасауға

тапсырыс берді. Сауалнама нәтижесі қазақстандықтардың ӨСАБ және елдің мұнай табысы туралы аз білетінін көрсетті. ӨСАБ қызығушылық танытатын тараптардың жағдайды өзгертуге жарты жылы бар: тұрғындарды ашықтық пен табыс туралы есеп беруді арттыру үрдісіне тарту керек. Бұдан соң өзгерістің бар-жоғын анықтау үшін сауалнама қайта өткізіледі.

ТҮСІНДІРУ ДЕҢГЕЙІ

Тағы бір қиындық – ӨСАБ бойынша есептің түсінуге күрделі екендігі. Құжат ашық, бірақ бухгалтерлік терминдерден тұратын 120 беттік еңбек



«ӨСАБ туралы Қазақстанның ең маңызды мүдделі тұлғалары – оның азаматтары өзiрге аз бiледi. Қазақстан денсаулық сақтау, бiлiм беру және инфрақұрылымды дамыту үшiн энергетикалық сектордың табыстарын максималды түрде пайдалануы тиiс. Қазiргi күрделi экономикалық жағдайда үкiмет қаржыны барынша тиiмдi шығындап, ол туралы ашық және толыққанды есеп беруi керек».

Антон Артемьев, СҚҚ Басқарма төрағасы



түсініксіз, демек, тұрғындардың басым бөлігіне қолжетімсіз болып табылады. Құжаттың ашық ресурста тұрғаны билікке деген сенімді күшейтпейді. Сондықтан СҚҚ аймақтарда есептің деректерін белсенді талқылауға шақырады.

Мұнай-газ секторы және ӨСАБ бойынша терминдердің біркелкі аударылмауы, атап айтқанда қазақ тілінде дұрыс берілмеуі де жұмысты бәсеңдетті. 2016 жылы үкімет өтініші бойынша СҚҚ ресурстарды басқару бойынша үш тілде терминдер глоссарийін жасауды қаржыландырды. Жұмыс тобына ӨСАБ жүзеге асыру бойынша секретариат мүшелері, ҰЕҰ, А.Байтұрсынов атындағы тіл білімі институтының мамандары кірді. Төрт айдан соң глоссарий дайын болды, оны мүдделі тараптардың ұлттық кеңесі бекітті. Оны Қазақстанның ӨСАБ сайтынан табуға болады.

МЕМЛЕКЕТТІК БЮДЖЕТТІҢ АШЫҚТЫҒЫ

Мемлекеттік деңгейде бюджеттердің ашықтық индексі – Қазақстан 2006 жылдан бері қатысып келе жатқан халықаралық бастама. 100-ден астам мемлекетте Индекс толық бюджеттік ақпараттың қолжетімді болуын қадағалап келеді, азаматтық бақылау мен азаматтардың бюджеттік шешімдер туралы пікірін білдіруі және оны бақылауы үшін толыққанды мүмкіндік беруді көздейді, заңнамалық билік пен мемлекеттік аудиторлар тарабынан тәуелсіз бақылау болса дейді.

Индекстегі мемлекет нәтижесі біртіндеп жақсарып келеді. Ендігі мақсат (оған мемлекеттік мекемелер және олармен жұмыс істейтін үкіметтік емес ұйымдар ұмтылуы керек) – билік қоғамға

бюджет туралы ақпаратты ауқымды жеткізеді деп саналатын – 61 балға қолжеткізу.

СҚҚ-мен тығыз байланыста 2016 жылдың қыркүйегінде «Халықаралық бюджеттік серіктестік» ұйымдарының өкілдері Қазақстанға келіп, ҚР Парламенті мәжілісінің спикерімен, Қаржы министрлігі және Есеп комитетінің өкілдерімен кездесті. Кездесу мемлекеттің Индексте жоғары көтерілуіне кедергі жасап тұрған мәселелерді талқылауға және бюджеттің ашықтығына қатысты жағдайды жақсартуға арналды. Мемлекеттік мекемелер бұл мәселеге мән бергендіктен, 2017 жылы жағдай айтарлықтай жақсарар деген үміт бар.

ЭЫДҰ ЖӘНЕ АЗАМАТТЫҚ ҚОҒАМНЫҢ ҚАТЫСУЫ

Әлемдегі ең дамыған 35 мемлекеттің басын қосқан Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымының мүшесі болу – Қазақстанның мәлімдеген маңызды мақсаты. 2015 жылы Қазақстан мен ЭЫДҰ ынтымақтастық туралы екіжақты келісімге қол қойды. Соған сәйкес ЭЫДҰ сарапшылары ауқымды кросс-секторлық зерттеу жүргізіп, Қазақстан үкіметіне ашық үкімет,

Қазақстан бюджеттер ашықтығы индексінде

2008		35 балл
2010		38 балл
2012		48 балл
2015		51 балл



ашық және есепті басқару, орталықсыздандыру, гендерлік саясат және көптеген басқа мәселелер бойынша бірқатар ұсыныстар әзірледі. 2016 жылдың соңында екіжақты бағдарламаның аяқталғанына қарамастан, Қазақстан мен ЭЫДҰ-ның бірнеше тақырып аясындағы стратегиялық ынтымақтастығы жалғасып келеді. Жаңа ұсыныстарды дайындаудан бөлек, алдағы бірнеше жылда жасалған ұсыныстарды енгізуге ерекше назар аударылады.

СҚҚ ҰЕҰ-дары мен тәуелсіз сарапшылардың ЭЫДҰ өкілдерінің кеңес алуына және белсенді араласуына қолдау көрсетіп, ЭЫДҰ мен азаматтық қоғам арасында бітімгер рөлін атқарып келеді. Осы мақсатта

2016 жылы Қор аталған кездесулер мен кеңестерді өткізуге белсенді қолдау жасады.

СҚҚ мен оның серіктестерінің ұсыныстары 2017 жылдың басында «Қазақстан: барынша тиімді, стратегиялық және есеп беруге міндетті мемлекетке айналу жолында» және «Қазақстандағы орталықсыздандыру мен көп деңгейлі басқару» деген тақырыппен ЭЫДҰ екі есебінде жарияланды.

КЕЛЕШЕККЕ БАҒДАР

Қазақстанның ашықтығы мен есеп беру міндеттілігін арттыруда «Ашық үкімет» халықаралық бастамасына қосылуы қисынды қадам

болмақ, ол қатысушы елдердің мемлекеттік мекемелерінің жұмысын жақсартуға, мемлекеттік мекемелердің есеп беру міндеттілігін күшейтуге, мемлекеттік ресурстарды басқару тиімдігін көтеруге, барынша қауіпсіз қоғам құрып, корпоративтік есеп берушілікті жақсартуға көмектеседі. СҚҚ Қазақстанның бастамаға қосылу туралы бастамашыл тобының әрекетін құптайды. Бұл қадам қазіргі кезде үкімет деңгейінде талқылануда.



ЖЕРГІЛІКТІ БЮДЖЕТ

2014 жылы СҚК бюджет ашықтығы мен есептілігі тәжірибесін дамыту және қазақстандықтарды жергілікті деңгейде шешім қабылдауға тарту үшін «Жергілікті бюджет» бастамасын бастады. Бастама аясында Қор мемлекеттік мекемелермен – алдымен Аймақтық даму министрлігі, оны таратқан соң Ұлттық экономика министрлігімен істес болды. Ынтымақтастық нәтижесінде Қазақстан өңірлерінде пилоттық жобалар іске қосылды. Өзін-өзі басқаруды дамытуға негіз болған бұл кейстердің СҚК үшін де, мемлекет үшін де маңызы зор.

СЫНАМАЛЫ ӨЗІН-ӨЗІ БАСҚАРУ

2014 жылы СҚК ҰЕҰ-ы мен мемлекеттік мекеме өкілдерінен құралған жұмыс тобын ұйымдастырып, жергілікті өзін-өзі басқару тәжірибесін зерттеу үшін Польша сапарына қолдау көрсетті. Ол жақтан алған тәжірибе мен білімнің нәтижесінде Оңтүстік Қазақстан, Батыс Қазақстан, Қарағанды және Ақмола облыстарының ауылдық жерлерінде «сынама» жобаларды іске қосу мүмкіндігі пайда болды. СҚК мен оның серіктесі – Қазақстанның

Жергілікті өзін-өзі басқару туралы заң жобасы:

2018 жылы 2000 адамнан астам тұрғыны бар ауылдардың бәрі дербес бюджетке ие болады.

2020 жылы барлық ауылдың өз бюджеті болады.

Ұлттық бюджеттік желісі ауыл әкімдерімен жұмыс істеді: жергілікті қауымды шешім қабылдауға тарту жолдарын, тұрғындарға жергілікті бюджетті инфографика түрінде қалай таныстыру керектігін түсіндірді. Пилоттық жобаға қатысқан ауылдардың құрамы мен адамдар саны әртүрлі болатын (800 бастап 36 000 дейін), сондықтан бұл жерлерде әкімдерге және олардың бастамаларына сену деңгейі әртүрлі болды. Осының өзі билік пен тұрғындардың қарым-қатынасындағы көптеген мәселелерді есепке алуға жағдай жасады.

Тәжірибе ретінде Үкімет 2014 жылдан бастап барлық қазақстандық ауылдарға «қолма-қол ақшаның бақылау шотын» жасады – соманың тұтас бюджетімен салыстырғанда аз, айыппұлдар мен бірнеше салықтан құралған сома. Әкімдер тұрғындармен бірге қоғамдық талқылау жасап, қаражатты жұмсау жолын



Шолпан Әйтенова,
ZERTTEU RESEARCH INSTITUTE
ҚК-ның атқарушы директоры.
Фото: СҚК мұрағаты

бірлесіп шешуді үйренді. Ауылдар бюджетті тұтастай басқарудың алғашқы қадамын жасады. Сондықтан бұндай сынама жобалар – өзін-өзі басқаруға дағдылануға мүмкіндік береді.

ӘЛЕУМЕТТІК АУДИТ

СҚК «Халықаралық бюджеттік серіктестік» (IBP) ұйымының әдістемелік қолдауымен Қазақстанда әлеуметтік аудит

«Ақ бұлақ» мемлекеттік бағдарламасының әлеуметтік аудиті:

2011 – 2014 жылдары Іле ауданындағы Тілендиев, Боралдай, Жетіген және Түймебаев ауылдарында 828 миллион теңге сомасында 4 нысан қаржыландырылды.

I кезең: жұмыс тобы 2013-2014 жылдардағы «Ақ бұлақ» бағдарламасы бойынша есеп беруді талдап, оны қоғамға түсінікті үлгеге келтірді, еріктілерді әлеуметтік аудит жүргізуге үйретті.

II кезең: сумен қамтудың 4 нысаны туралы деректер жиналды, онда жұмыстар жүргізілді (тұрғындардан сауалнама алу, нысандарды қарау), аудан және округ әкімдерінен, ТҚХ жетекшілерінен сұхбат алынды, 4 ауылда қоғамдық тыңдау өтті, әдістеме әзірленіп, әлеуметтік аудит өткізу бойынша нұсқаулық әзірленді.

III кезең: қоғамдық тыңдау болды, қарар қабылданды, тұрғындардың шағымы қанағаттандырылды.

бойынша бірқатар жобаларды жүзеге асырды. 2014 жылдың соңында жұмыс тобы әлеуметтік аудитті дамытудан көшбасшы саналатын Үндістанға барып, тәжірибе алмасты. Компания әкімдіктің тапсырысымен жұмыс атқарса немесе қызмет көрсетсе, бірақ игілігін көретін тұрғындар сапасына риза болмаса осындай әдісті қолданған тиімді. Жұмыс әдісі қарапайым: тұрғындардың белсенді тобы қандай да бір бюджеттік бағдарламаның жүзеге асу жолдарын зерттеп, әкімдікке шағымданады, содан соң үш тараптың қатысуымен қоғамдық тыңдау болады, осы жерде мәселені шешу жолдары бірге әзірленеді.

ЖЕРГІЛІКТІ БЮДЖЕТТЕРДІҢ АШЫҚТЫҚ ИНДЕКСІ

Қазақстанда 2011 жылдан бастап СҚҚ қолдауымен жергілікті бюджеттердің ашықтық индексі бағаланады. Сарапшылар тобы 14 облыс пен 2 қаланың сайтындағы жергілікті бюджеттер туралы деректермен жұмыс істейді. Бағалаудың басты критерийі – ақпараттың ашықтығы мен оны түсінікті тілмен жеткізуі.

Жергілікті бюджеттердің ашықтық индексі облыс деңгейінде бюджеттік процестердің ашықтық деңгейін анықтайды. Қазақстанның түрлі

өлкелерінің индексі оларды өзара салыстыруға мүмкіндік береді, сондықтан жергілікті басқару мекемелері бюджеттік ақпаратты жариялауға ынталанады. Оған қоса индекс қай өңірде өз азаматтарына бюджеттік процеске қатысуға көбірек мүмкіндік ұсынатынын анықтауға көмектеседі.

Жарияланған бюджет облыстың салаларға (мысалы, білім немесе денсаулық сақтау саласына) қанша қаржы жұмсағанын білгісі келетін кез келген азаматқа түсінікті болуы керек. 2011 жылы Қаржы министрлігі құрамына ҰЕҰ мен СҚҚ сарапшылары кірген жұмыс тобын құрды. Олар бірлесе отырып, бүгінде барлық облыстың әкімдері қолданып жүрген азаматтық бюджетті дайындау бойынша нұсқаулық әзірледі.

2015 жылғы Индекс жергілікті мекемелердің қоғамға бюджет туралы және облыс билігінің қаржылық іс-әрекеті туралы өте аз ақпарат беретінін көрсетті. Демек, азаматтар бюджеттік қаржының жұмсалып жолдарын бақылай алмайды. Басқа сөзбен айтқанда, әзірше өңірлер тұрғындарға жеткілікті есеп беріп жатқан жоқ.

СҚҚ және серіктес ҰЕҰдар Индексте ең төмен балл алған Алматы, Астана және Қызылорда

Бюджет ашықтығы бойынша тренинг.
Тараз Фото: СҚҚ мұрағаты





Бюджеттік ашықтық бойынша журналистерге арналған тренинг, Қостанай.
Фото: Әйнел Қайназарова

облыстарының әкімдіктерімен жұмыс істеуді жалғастыруда: олар бұндай нәтиженің себептерін түсіндіретін есептер әзірлеп, болашақта көрсеткіштер жақсаруы үшін нені өзгерту керектігін нақты мысалдармен көрсетеді.

СҚҚ және Қазақстанның Ұлттық бюджеттік желісінің сарапшыларымен кеңескен соң ЭЫДҰ Үкіметке жасаған ұсыныстарының ішіне жергілікті бюджет ашықтығы Индексін қолдануды ұсынды, биліктің жергілікті мекемелерінің есеп беруге міндеттілігін бағалау керектігін көрсетті.

ДИАЛОГ МОДЕРАТОРЫ

Қазіргі кезде СҚҚ қолдауымен aktau.life сайты іске қосылуға

дайындалып жатыр. Бұл – қала азаматтары Ақтаудың тыныс-тіршілігі мен дамуындағы ең маңызды мәселелерді талқылауына жағдай жасайтын онлайн-форум. Сайттың басқалардан ерекшелігі – оны әзірлеуге әкімдік өкілдері қатысты. Жоба сынамамы, оның тәжірибесін басқа қалаларға да қолдануға болады. Жұмыс істеп тұрған диалог алаңы кейін қала әкімдігінің қарауына өтеді.

Сонымен қатар, СҚҚ жергілікті бюджеттің өзін-өзі басқару және ашықтық мәселесін баспасөзде жариялауға ерекше мән береді. Сол үшін 2015 жылы “Қазақ тілі” ұйымына грант бөлініп, қазақ тілді журналистер үшін бюджеттің ашықтығы мен есептілігі мәселелері бойынша тренингтер өткізді. Оңтүстік

Қазақстан, Жамбыл және Қызылорда облыстарындағы өңірлік басылымдардан 50ден астам журналист тренингке қатысты. 2016 жылы журналистер мен блогерлерге арналған жоба Солтүстік Қазақстан, Қостанай, Ақмола және Павлодар облыстарында қайталанды.

Мемлекеттік мекемелермен бірге орындалатын «Жергілікті бюджет» бастамасы соңғы үш жылда тұрғындарды өз елдімекенінің басқару үдерісіне тартуда маңызды міндеттер атқарды. СҚҚ қазақстандықтардың бюджеттегі ақша қалай пайда болады және қайда жұмсалатынын білуге құқылары бар екенін түсіндіруге тырысады, қаржыны қайда жұмсау керектігін айтып, сол шығынның тиімділігін бағалауға үйретеді. Бұл Қазақстанның әр елдімекенінде қоғам өмірінің ажырамас бөлігіне айналуы керек.

2017 жылдан бастап СҚҚ «Ашықтық және есептілік» бағдарламасы аясында жергілікті деңгейде ашықтық пен есептілікті арттыру бойынша жұмысын жалғастырады.

2015 жылғы жергілікті бюджеттердің ашықтық индексі

Орташа есеппен  37 балл

Үздік көрсеткіштер

Шығыс Қазақстан  63 балл

Солтүстік Қазақстан  45 балл

Нашар көрсеткіштер

Қызылорда облысы  21 балл

Алматы  22 балл

Астана  27 балл



ЖАСТАР БАҒДАРЛАМАСЫ

ЖАСТАР БАСТЫ НАЗАРДА

Іске қосылған уақыттан бері СҚҚ-ның Жастар бағдарламасы барынша белсенді, жігерлі, ашық және озық қазақстандық жастарды өз маңына шоғырландырды. Осы бағдарлама аясында Қор қолдаған жобалар әртүрлі, ал олардың географиясы еліміздің барлық өңірін қамтиды.

2014-2016 жылдары Жастар бағдарламасының маңызды бағыттарының бірі – еріктілер қозғалысын дамыту болды. СҚҚ тренерлерге арналған тренингтерге ерекше мән берді, онда өңірлерден келген белсенді жастар еріктілер жұмысының

негіздері мен стандарттары, жобаларды басқару мәселелері бойынша білім алды, кейін алған білімдерімен басқалармен бөлісіп, өз аудандарында еріктілерге арналған жобаларға бастамашы болды. Мысалы, Seimar Social Foundation серіктесіміз «Тренерлерге арналған мектеп» жобасы аясында бүкіл республика бойынша тренингтер өткізді.

«Шаңырақ» ҚҚ «Ауыл шақырады» жобасы аясында 4 өңірдің 20 ауылында қазақ тілінде бірқатар тренингтер өткізді. Тыңдаушыларға қазақ әдебиеті классиктерінің шығармаларымен бірге тренингтің басты тақырыбы

– көшбасшылық, байланыс, фандрайзинг бойынша материалдар таратты.

Атбасарда жергілікті жастардың күшімен қалалық саябақ қалпына келтірілді, енді онда әлеуметтік белсенді қала тұрғындары жиналады. Бұл ортақ мәселені бірігіп шешуге болатынын көрсеткен тамаша үлгі болды. Қала жастары арасынан 1700 еріктіден тұратын команда құрылды, олар саябақты қалпына келтіру үшін еңбек етті, 10 жұмыс орны ашылды.

Павлодар облысында «Ауыл жастарын жергілікті өзін-өзі басқаруға тарту» жобасы аясында Павлодар, Ақтоғай, Железинск, Баянауыл және Майский аудандарының жастары жергілікті өзін-өзі басқару, бюджет дайындау және сайлауға қатысу тақырыптары бойынша 5 тәжірибелік семинардан өтті.

Шымкентте саңырау адамдарға арналған білім беру тренингтері өтті, шара құлағы нашар еститін азаматтардың жұмысқа орналасу мүмкіндігін арттырып, азаматтардың назарын осы мәселеге аударуға көмектесті.

Семейде жас белсенділер GeoHunt.kz сайтына іске қосты.



Жастар байқауы.
Фото: Жанар Каримова

Бұл қаланың кез келген тұрғыны абаттандыру бойынша мәселені көтеріп, әкімдіктен тиісті жауап ала алатын қаланың мобильдік картасы. Табиғат қорғау қызметі GeoHunt.kz сайтының оң нәтиже көрсетіп отырғанын мәлімдеді. Сайт жұмысының арқасында бюджетке түскен айыппұл мөлшері көбейген.

Аймақтық ZhasCamp жастар (не)конференциясын СҚҚ-ның Жастар бағдарламасы 2010 жылдан бері қолдап келеді. «Еркін ойла, тиімді әрекет ет» ұраны Қор қабырғасында ойлап табылған болатын. Алматыдағы жастар мәселесіне қатысты өзекті тақырыптарды талқылап, сарапшылармен кездесу өткізіп отыратын жастардың диалог алаңы (жыл сайын елдің барлық өңірінен 250 адамға дейін келеді) соңғы 2 жылда аймақтарға шыға бастады: 2015 жылы жас белсенділер Астана, Ақтау және Шымкентте бас қосты, ал 2016 жылы Талдықорған мен Семейге жиналды. Ал Атырау мен Павлодар қалаларында өтуі тиіс шаралар кедергілер салдарынан өтпеді. Бұл ұйымдастырушылар қызмет етіп келе жатқан 6 жылда бірінші рет орын алып тұр.

«ZhasCamp нәтижесінде Парламент мәжілісінің жұмыс тобына 20 жастар ұйымынан құралған коалиция кірді. Біз Жастар саясаты тұжырымдамасына 120-дан астам ұсыныс, заңға 43 ұсыныс енгіздік. Алаңның арқасында 30-дан астам әлеуметтік бастамалар өмірге келді».

*Ирина Медникова,
«Қазақстанның жастар ақпарат қызметі» ҚҚ-ның бас директоры*

1929 жылы түсірілген «Түрксіб» кадрлары Қазақстандағы Түркістан-Сібір теміржолының құрылыс хроникасын бейнелейді. «Түрксіб» Қазақстандағы бірінші деректі фильм саналады. Бұл фильм сол кезеңнің рухын жақсы жеткізеді, сәйкестік, өзгеру, жаңару мәселелерін көтереді. Сол арқылы 80 жыл өтсе де, бұл мәселелердің әлі күнге дейін өзекті екендігін көрсетеді.

ӘЛЕУМЕТТІК ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ

Жастардың шығармашылық бастамасын қолдау Қордың жұмысында әрқашан маңызды орынға ие. Бұл бағыттағы Жастар бағдарламасының міндеті – жастарға өнер мен шығармашылықтың арқасында әлеуметтік тақырыптарды қозғауға болатынын (солай істелу керектігін) көрсету, біздің қоғамның өзекті мәселелерін көрсетуге бағыттау. Үш жылда бағдарлама көптеген маңызды әлеуметтік жобаларға қолдау көрсетті.

Мысалы, 2014 жылы Қор Гете институтымен бірге Қазақстанда «Толеранттылық» тақырыбында жас белсенділер және суретшілерге арналған байқау және соның нәтижесінде карикатуралардың көрмесін өткізді. Жобаның негізгі мақсаты – бір жағынан, Қазақстанда кең таралмаған карикатура

жанрына назар аударту болса, екінші жағынан, қоғам үшін өте маңызды толеранттылық тақырыбына мән беру. Финалға шыққан қатысушылардың жұмыстары қойылған көрмені Алматыдағы «Тенгри Ұмай» галереясына келгендер бір ай бойы тегін тамашалады. 2015 жылы Илияс Жансүгіров атындағы қоғамдық қор ұйымдастырған **«1937. Жоқтау: еске алу аймағы»** көрмесі өтті. Жобада 1930 жылдардағы репрессияның қасіретін заманауи өнер адамдарының (суретшілер, музыканттар, кинематографтар, мүсіншілер, т.б.) қалай қабылдайтыны көрсетілген. Қазақстандағы саяси қуғын-сүргін әр отбасына қайғы әкелді, барлық ұлт өкілдерін қамтыды. Бұл жылдары Қазақстан жаппай қырып-жою орталығына айналды және туған өлкесінен қуылған мыңдаған адамға қоныс болды. XX ғасырда қоғамның басынан өткен



Zhas Camp.
Фото: zhascamp.kz сайты



Борис Байков, Қуат Шілдебаев.
«Түрксіб» фильміне музыка жазу сәтінен.
Фото: Сабина Қуанғалиева

большевистік төңкерістің ауқымы мен салдарын азаматтардың көбі, әсіресе жастар жете түсінбейді, тіпті арасында білмейтіндері де бар.

«Өнердің өлшеусіз құндылығы – эмоционалдық қабылдау арқылы адамның жүрегі мен жанына, кейін ақыл-санасына ықпал ететіні».

*Ажар Жандосова,
Ілияс Жансүгіров
қорының президенті*

Көрме Алматы, Қарағанды, Семей және Астана қалаларында өтті.

2015 жылдан бастап Қор **«Clique кинофестивалі»** деректі кинолар желісіне қолдау көрсетіп келеді. 2015 жылы СҚҚ қолдауымен кинофестиваль аясында «Чак Норрис коммунизмге қарсы», «Көкжалдар үйірі», «Ғасыр жобасы», т.б. кинолар көрсетілді, 2016 жылы қонақтар «Солтүстік Корея күндері» және «Түрксіб» деректі фильмін тамашалады. «Түрксіб» 2016 жылғы 19 желтоқсанда Абай атындағы мемлекеттік опера және балет театрында көрсетілді, оған сазгер Қуат Шілдебаев арнайы музыка жазды.

2015 жылдың жазында Іле-

Алатау ұлттық саябағында **«Сегізінші өзен»** көркемдік жобасының тұсаукесері өтті. Үш апта бойы Көкжайлаудағы шатыр үйлерде жатқан Қазақстан, Қырғызстан және Ресейдің жас суретшілері аумақпен, жергілікті тұрғындардың тұрмысымен танысып, өлкенің тарихы мен мәдениетінен сусындады. Осының бәрі 4 ай бойы ашық аспан астында тұрған заманауи өнер экспозицияларын дайындауға арқау болды.

ДЕРЕКТІ ТЕАТР

2015 жылы СҚҚ қызметінің 20 жылдығына орай Алматыға «Театр.DOC» мәскеулік деректі театры гастрольмен келіп, «24 Плюс», «Лир-клев», «Акын-Опера 2» пьесаларын ұсынды. Сол жылы көпшілік «Медея. Материал» атты жаңа әмбебап жобамен танысты, соның нәтижесінде Қазақстанда алғаш рет «постдрамалық театры» атты эстетикалық қойылым дүниеге келді. «Медея. Материал» қойылымының жасалуы және ресми таныстыру шарасы Қазақстанда жаңа үлгі іздеп жүрген шығармашылық ұжым мен жекелеген авторларға еркіндік беретін заманауи сахналық авангард өнері пайда болғанын көрсетті.

2016 жылы Қор Ольга

Малышеваның «Комьюнити» пьесасына қолдау көрсетті. Пьеса миграция, ЛГБТ мәселесі мен өзінді іздеу тақырыптарына арналған. Пьесаны қаланың әртүрлі бөлігінде үш рет көрсетті. «Алматыға деректі театр керек екенін түсіндім, одан да маңыздысы – Алматы оған дайын», - деп жазды кейін Ольга Vlast.kz интернет-порталына жариялаған мақаласында.

Деректі театр тақырып пен форматқа шектеу қоймайды, оның басты шарты – материалды шынайы жеткізу.

ПАРТИЗАНДЫҚ КИНО

СҚҚ қолдауымен түсірілген қазақстандық режиссер Әділхан Ержановтың «Қаратас ауылындағы оба» фильмі Роттердамдағы кинофестивальде ең үздік азиялық фильм саналды. Картина ТМД, Латвия, Литва және Эстонияның ашық кинофестивалі – «Киношок 2016»-да гран-при жеңіп алды және XII халықаралық Еуразия кинофестивалінде жеңіске жетті. 2016 жылы СҚҚ трилогияның жалғасын түсіруге қаржы бөлді (2013 жылы Қор «Құрылысшылар» деп аталатын бірінші фильмге қолдау жасаған). «Қаратас ауылындағы Құдай» фильмі 2017 жылы шығады.



Спорт-Концерт жобасы – қалалық бастамалар
байқауының жеңімпазы Urban Forum Almaty-да, 2016.
Фото: Жанар Каримова

Фильм аясындағы жұмыс нәтижесінде өзін ауқымды мемлекеттік қаражатқа түсіретін киноға қарсы қоятын, мағынасы терең картиналарды аз бюджетке түсіруге болатындығын көрсететін «партизандық кино» қозғалысы пайда болды. «Партизандық кино» бюджетсіз түсіру, әлеуметтік кино түсіру және өз үніңді табу сынды үш қағидаға негізделген. Бұндай картиналар қазақстандық қоғамның заманауи шындығын өткір көтереді.

ҚАЛАЛЫҚ БАСТАМАЛАР

Қалада қоғамымыздың негізгі қажеттіліктері мен мүмкіндіктері анық көрінеді. Бұл бағыттағы Қордың жұмысына қажетті басты қағида - шешімдер қабылдау, қала азаматтарын тарту, қала тұрғындары мен әкімшіліктің өзара ынтымақтасып, әрекет етуі.

2015 жылы СҚҚ қолдауымен Алматыда алғаш рет қала өміріне немқұрайлы қарамайтын белсенді азаматтар қала дамуындағы мәселелерді талқылаған **Urban Forum Almaty (UFA)** ұйымдастырды. Ұйымдастыру тобы – архитектура, урбанистика, саясаттану, әлеуметтану және маркетинг саласындағы сарапшылардан тұрды. Форумның нәтижесінде Алматы қаласы әкімдігі жанынан Урбанистика орталығы құрылды; СҚҚ Жастар бағдарламасы байқауының қорытындысы бойынша қолдауға ие болған, қаланы дамытуға арналған 8 әлеуметтік жобаға бастамашы болды.

2016 жылғы форумның тақырыбы Resilience тұжырымдамасы (тұрақтылық, төзімділік, икемділік) болды.

Тұрақты жүйе ретінде қала сындарлы дамуға, теріс ықпалдарға қарсы тұруға және ішкі әрі сыртқы ресурстар тапшылығына қарсы шығуға қалай дайын болады, солай бола тұра қалай өз келбетін сақтап қалады? Қала қауымдастығы, әкімшіліктер, бизнес және БАҚ өкілдері осы сауалдарға жауап іздеді.

Сондай-ақ форумда әлеуметтік жоба байқауының жеңімпаздарының әрқайсысының жұмыс қорытындысы шығарылды, оның бәрі Алматы қаласын дамытуға бағытталған болатын. Бұлардың ішінде Алматының мақсатына орай суретпен салынған жолнұсқа, «БАЛАПАН еліне саяхат» атты музейлерді қолжетімді ететін жоба, «Жақсы көру мен қорғауды үйренеміз» атты білім беретін эко-жоба, «ArchCode» атты қаланың архитектуралық сәйкестігін түгендеу жобасы, Алматының әуе бассейнінің қазіргі экологиялық жағдайына талдау жасайтын «AUA» жобасы, «Жалпыға арналған спорт» атты аулаларды түрлендіру жобасы, қаланың өзекті мәселелерін талқылауға арналған «URBAN TALKS» алаңы мен қала белсенділері және қалалық хакатондардың «ТӨБЕ» ҚҚ бар.

«СҚҚ Urban Forum Almaty-ның бас серіктесі болып табылады және алаң құруда, оны дамытуда маңызды рөл атқарды. Форум жұмысына қатысушыларға кәсіби өсуге және жаңа маңызды, азаматтық рөлдерді игеруге мүмкіндік береді».

Әсел Есжанова, Urban Forum Almaty ұйымдастырушысы

Сорос-Қазақстан қоры 2016 жылғы Urban Forum Almaty аясында 2017 жылға арналған Алматының орталық емес аудандарын дамытуға байқау жариялады. Бұл өткен жылы азаматтар бастаған бастаманың қисынды жалғасы болмақ.

2016 жылы СҚҚ Жастар бағдарламасы үйреншікті түрде жұмыс істеуін тоқтатты. Келесі стратегиялық циклда бағдарлама «Жаңа азаматтық бастамалар» бағдарламасы болып өзгереді. Бұл ретте, Қор жастарды басты назарда ұстауды доғарады деуге болмас. Керісінше, Қор іске жаңа көзқараспен қарайтын, азаматтық қоғамның түрлі өкілдерімен ынтымақтас болудың жаңаша үлгілерін қолдайтын белсенді азаматтармен жұмыс істеуді кеңейтуді көздеп отыр. Көп жағдайда жаңа идеялар жастардан шығады.

«Серіктестеріміз өз жобасына салған күш-қуат, ынта мен жігер нәтижесінде Жастар бағдарламасы үздіксіз дамып отырды. Жас отандастарымыздың басым бөлігі өз болашағын жарқын көріп, елдегі өмірді жақсартқысы келетіндігін түсіндік. Олардың идеяларының негізінде қор қолдайтын құндылықтардың жатқаны қуантады».

Сәуле Мамаева, Жастар бағдарламасының үйлестірушісі



ҚОҒАМДЫҚ САЯСАТ

АУДАРМАДАҒЫ ҚИЫНДЫҚТАР

«Қоғамдық саясат» бастамасы Қордың 2014-2016 жылдардағы стратегиясындағы жаңа бағыт болды. Бұған дейін СҚҚ тақырыптық бағдарламалар аясындағы жекелеген зерттеулерге қолдау көрсетіп келді, алайда саяси-басқаруды талдауды дамытуда жүйелі әдісті 2014 жылдан бастап қолдана бастады. Ағылшын тіліндегі public policy терминінің орыс және қазақ тілдерінде мәнін толыққанды жеткізетін аударма болмады. Сондықтан бастама алдында оның қызметін барынша толыққанды жеткізетін атауды таңдау мәселесі тұрды. Бұл ретте, «Қоғамдық саясат» деген нұсқа құлаққа үйреншікті болмаса да, барынша дәл атау болып табылады.

ЖАС ЗЕРТТЕУШІЛЕРГЕ АРНАЛҒАН БАҒДАРЛАМА

Бастамада қоғамдық саясат саласында жастарға арналған стипендиялық бағдарлама маңызды орынға ие. Бағдарлама арқылы СҚҚ Қазақстанда құрамына жас зерттеушілер кіретін жаңа сарапшылардың қауымдастығын қалыптастыруға

«Бағдарлама мәселені мұқият талдау арқылы шешім қабылдау және ұсыныстар әзірлеу үдерісіне ықпал етуді үйретеді, соның арқасында жастар елдің қоғамдық-саяси өміріне белсенді араласа алады».

Анна Гусарова, 2015 жылғы Жас зерттеушілерге арналған бағдарлама түлегі

септігін тигізбек. Бағдарламаға қатысушылар жыл бойы өтетін бірапталық семинарларға қатысады, саяси-басқаруға талдау жасауды үйренеді және бір мезетте жергілікті әрі шетелдік менторлардың

басшылығымен зерттеу жұмыстарын дайындайды. Семинарларды International Centre For Policy Advocacy (ICPA) халықаралық ұйымының орыс тілді тренерлері өткізеді және олар әдістемелік менторлар рөлін атқарады. Тақырыптық менторлар рөліне қор жергілікті сарапшыларды шақырады.

Қор олар үшін де бағдарлы кездесу ұйымдастырып, бағдарламаға қатысушылардың зерттеулері бойынша жұмыс істеу кезеңдерін түсіндіреді. Бұл ретте, стипендиаттардың зерттеулері дәстүрлі академиялық жұмыстардан өзгеше болады. Біріншіден, оның көлемі көп емес (шамамен



PaperLab отырысы, Астана.
Фото: Әйнел Қайназарова

«Бағдарлама зерттеуші әрі әлеуметтанушы ретінде маған жаңа жол ашты. Үйренген дағдылардың арқасында барынша білікті маманға айналдым, демек еңбек нарығында сұранысқа ие боламын».

Серік Бейсембаев, 2015 жылғы Жас зерттеушілерге арналған бағдарлама түлегі

20 бет), екіншіден нақты тақырыптық фокусы бар, үшіншіден қолданбалы бөлігіне баса назар аударылады. Яғни авторлар кво-статусын өзгерту үшін кем дегенде үш әдіс ұсынуы керек.


Бағдарлама қатысушыларын зерттеу жұмыстарын таныстыруға, БАҚ-қа жариялауға, тіпті, көпшілік алдында тұрғанда дұрыс ишараны қалай пайдалану керектігін де үйретеді.

Стипендиялық бағдарлама 2014 жылы басталды және бүгінде 3 топ түлектерін шығарып үлгерді. Қор Бағдарламаға қатысушылардың бойынан зерттеу қабілеті мен қызығушылықты іздейді. Себебі СҚҚ-ның үлкен мақсаты – Қазақстанның сараптамалық қауымдастығына жаңа есімдерді таныту.

Сыртқы рецензенттердің қатаң бағалауынан өткен барлық аяқталған зерттеу жұмыстарын СҚҚ басып шығарады. Сонымен қатар, олардың бір бөлігі Central Asian Analytica Network (CAAN) желісінде жарияланады, кейбірі пікірталас алаңдарына таныстырылады. Жыл сайын Бағдарлама түлектері арасында байқау өтеді және ең мықты жұмыстардың авторлары АҚШ-тағы Дж. Вашингтон атындағы университеттің Орталық Азия бағдарламасы бойынша бес айлық тағылымдамадан өтеді.

ЗЕРТТЕУЛЕРДІ ҚОЛДАУ

СҚҚ стипендиялық бағдарламасы түлектерімен шектеліп қалмай, тәуелсіз



Ekvilibro жобасымен жұмыс жасау.
Фото: Ринат Бесбаев

зерттеушілермен де жұмыс істейді, ыссапарлар мен далалық зерттеулерге қаржы бөледі. Қаржылық қолдаудан бөлек, зерттеу жұмыстарының авторлары мен олардың жұмыстары қызықты болуы мүмкін құрылымдар арасына дәнекер болады. Бұл зерттеу жұмыстарына шын мәнінде қолданбалы болуға мүмкіндік береді: ұсыныстар қазір немесе болашақта оны өз жұмысына қолдана алатын ұйымдарға ұсынылады. Бұл жағдайда зерттеуді таныстыру – автордың міндеті. Қор өз мүмкіндігі аясында авторларға кеңес береді және өзекті әрі сапалы зерттеулерді мақсаттық аудиторияға жеткізуге ықпал жасайды.

2014-2016 жылдары СҚҚ әртүрлі тақырыптар бойынша жеке зерттеулер мен зерттеу топтарының еңбектерін қолдап келді: жалпы білім берудегі теңсіздік мәселесінен бастап моноқалалардағы бейресми жұмыспен қамтылған жастар мәселесіне дейін қамтиды. Барлық жұмыстар www.soros.kz сайтында жарияланған.

АШЫҚ ПІКІРТАЛАС

Ашық қоғамның негізгі қағидаларын таратумен бірге, СҚҚ бұрыннан жұмыс істеп

келе жатқан диалог алаңдарын қолдайды және жаңаларын ашуға тырысады. Ашық қоғамдық пікірталас – қоғамның әлеуметтік «саулығының» көрсеткіші: әлеуметтік тұрғыда белсенді азаматтар неғұрлым көп болса, олардың арасында пікірталас та көбейеді, оған арналған платформалар да сұранысқа ие бола түседі. Осындай алаңдарда стипендиялық бағдарлама түлектері өз ұсыныстарын талқылау форматында ұсынып жатады.

2014 жылдан бастап СҚҚ **Кипр сараптамалық тобына (СТ)** қолдау көрсетіп келеді. Кипр СТ Саяси шешімдер институты жанынан құрылған клуб, кейін жеке бөлініп шықты. Қор Кипр СТ алаңында қоғам үшін өзекті тақырыптар бойынша көптеген талқылаулар өткізуге қолдау көрсетті, соның ішінде моноқалалардағы жастардың бейресми жұмыспен қамтылуы, Қазақстандағы әлеуметтік кәсіпкерлік, ҚР Ұлттық қорының қаржысын қолдану тиімділігі сияқты тақырыптар бар.

2016 жылдың ортасында Астанада Қордың қолдауымен стипендиялық бағдарлама



PaperLab отырысы, Астана.
Фото: Әйнел Қайназарова

түлектері **PaperLab** пікірталас алаңын ұйымдастырды. Алаң саяси-қолданбалы зерттеулерді зерттеп қана қоймай, мәселені шешуге тырысатын талқылау орнына айналмақ. 2016 жылдың желтоқсанына дейін PaperLab-та 5 талқылау өтті.

Қордың қолдауымен 2014-2016 жылдары Власть интернет-журналының **Ekvilibro** видео-жобасы жұмыс істеді. Ekvilibro аудиторияға пікірталастың жаңа пішімін ұсынды: таңдалған тақырып бойынша 2 оппонент өз пікірін білдіреді, 3 тәуелсіз сарапшы оларға өз шешімдерін ұсынады, кейіпкерлер олармен келісуге немесе келіспеуге құқылы. Бағдарламаның мақсаты – қарсыластарға (шын мәнінде, сол позицияда отырған қоғамдық топтарға) көзқарастарының сай келетін тұстарын көрсету. Екі жылдан астам уақытта жарық көрген

бағдарламада гендерлік кемсітушілік, мемлекеттік тіл, сөз бостандығы, өлім жазасы, спорттағы допинг, жасанды түсік жасау құқығы, краудфандинг, әлемдік брендтердің келуі, міндетті түрде екпе салу, ЛГБТ қауымдастық, интернетті реттеу, еріктілік және басқа да қоғам өміріндегі өткір мәселелер сөз болды. 2016 жылдың қарашасында Ekvilibro-ның соңғы шығарылымы көрсетілді. Жоба аясында 90-нан астам оппонент, 240 сарапшы қатысты, 140-тан астам сараптамалық ұсыныстар талқыланды.

«Қоғамдық саясат» бастамасы СҚҚ-ның жаңа стратегиясы аясында да жұмыс жалғастыра береді. Қазақстан қоғамы сапалы зерттеу жасай алатын, оны таныстырып, ашық алаңдарда талқылай алатын білікті зерттеушілерге зәру.

«Жақында ғана біз PaperLab жаңа формациялы зерттеу тобын құру жұмыстарын бастадық, зерттеуіміз сапалы жасалып ғана қоймай, мақсатты аудиторияға жақсы жетуі керек, шешім қабылдауға ықпал етіп, әлеуметтік тұрғыда маңызды әрі қолданылатын болуы керек».

Малика Тукмадиева, 2015 жылғы Жас зерттеушілерге арналған бағдарлама түлегі, PaperLab ұйымдастырушысы



БАҚ-ТЫ ҚОЛДАУ БАҒДАРЛАМАСЫ

Бұқаралық ақпарат құралдарын қолдау бағдарламасы Қордың Қазақстанда құрылған уақыты 1995 жылдан бері жұмыс істеп келеді. Қор тәуелсіз БАҚ-ты қолдауға әрқашан ерекше мән беріп келді: олар қоғамның түрлі пікірлерден хабардар болуында негізгі рөл атқарады және ашық қоғамның ажырамас бөлігі болып табылады.

2014-2016 жылдардағы стратегияда СҚҚ БАҚ-ты қолдау бағдарламасы аясында екі маңызды мақсат қойды: бірі журналистердің кәсібилігін арттыру болса, екіншісі елдегі сөйлеу еркіндігі, сөз және БАҚ бостандығын қолдау.

ЗАҢНАМАЛЫҚ БАСТАМАЛАР

БАҚ және сөз бостандығы саласында заңнамамен жұмыс – Қор мен оның әріптес ҰЕҰ-лары – Әділ сөз, Internews Kazakhstan, MediaNet, Құқықтық саясатты зерттеу орталығы, Құқықтық медиа орталық және т.б. жұмысындағы маңызды бағыт

болып табылады.

Ашық қоғам құндылықтары – ашықтық пен есептілікті негізге алған Қор ақпаратқа қолжетімділік туралы заңды қабылдау бойынша жұмыстарға қолдау көрсетті. Оның журналистер үшін маңызы ерекше. СҚҚ серіктес ұйымдармен қатар заң жобасына енгізу үшін ұсыныстар әзірледі.

Заң 2015 жылдың қарашасында қабылданды, бірақ оның қорытынды нұсқасы, екіншіке қарай, ҰЕҰ, құқық қорғаушылар мен журналистердің үмітін ақтамады. 2016 жылдың қарашасында Ақпарат және коммуникация министрлігі құжатқа енгізілетін түзетулерді талқылауға дайын екенін білдірді, бұл жұмыс болашақта жасалатын болады.

БҰРМАЛАУҒА ЖОЛ БЕРМЕУ

СҚҚ жала жабуды декриминализациялауды қолдайды. Қазақстан заңы бойынша БАҚ-тағы жала қылмыстық іс болып саналады, оған тіпті бас бостандығын айыру жазасы берілуі де мүмкін. Жетілмеген сот жүйесінде журналисті түрмеге қамау пікірді бұрмалау және БАҚ бостандығын шектеуге жол ашады. Бұл бағытта жұмыстар



iMediaProject жобасының қатысушылары – 2016.
Фото: Қанат Оспанов

жалғасып жатыр, ал жала қылмыс ретінде жазаланатын әрекет болып тұр.

Мемлекеттік тапсырыс та кейбір жағдайларда сөз бостандығын шектейді және мемлекеттің БАҚ-қа ықпал ету құралы болып табылады. Сондықтан СҚҚ 2012 жылдан бастап мемлекеттік тапсырыс көлемін және оны БАҚ арасында тарату мөлшерін бағалау жөніндегі Құқықтық медиа орталықтың жобасын қолдап келеді. Жоба мемлекеттік мекемелердің мемлекеттік тапсырыс аясында түрлі БАҚ-тарда жарияланған материалдарға қандай сома төлейтінін бақылауға мүмкіндік береді. Бұндай ақпараттың ашықтығы маңызды екені әу бастан белгілі, ал жоба қолайлы түрде көрсетілсе әр қазақстандық мемлекеттің бюджеттік қаржыны қаншалықты тиімді жұмсайтыны туралы қорытынды жасай алады.

ТӘУЕЛСІЗ ЖУРНАЛИСТИКА

Журналистердің кәсіби біліктілігі өспейінше ашық қоғам құру және сөз еркіндігін қамтамасыз ету мүмкін емес. Қазақстандық журналистердің дайындығын арттыру үшін Қор «Тәуелсіз журналистика сенен басталады!» деген ұранмен iMedia Project жобасын қолдады. Мультимедиялық журналистика бойынша бес модульді (әрқайсы бір аптаға созылады) қазақстандық журналистерге The New York Times, USA Today, CNN, The Huffington Post, Pro Publica басылымдарындағы әріптестері мен Миссури

«iMedia жобасының ықпалын айтып жеткізу қиын, санаға әсері керемет. Алғашқы 5 күндік модульден кейін-ақ әлемге басқаша көзбен қарай бастайсың. Жобадағы ең маңызды нәрсе осы деп ойлаймын!»

*Михаил Дорофеев,
Informburo.kz*



«Біз жаңалықтарды қазақ тілінде дайындаймыз. Оралда мұндай мәнмәтін ешкімде жоқ. Бүгінде сайтымыз күніне 22 000 бірегей оқырман кіретін Қазақстандағы алғашқы қырық жаңалықтар сайттарының қатарына кіреді. Жобаға дейін сайтымызға 10 000 адам кіретін».

Марат Махметов, «Мой город», Орал

штатындағы Журналистика мектебі университетінің профессорлары оқытады. СҚҚ өз саласы бойынша үздік кәсіби мамандар тәжірибесімен бөлісуі керек деген ұстанымда, демек, журналистикада «алтын стандарт» саналатын адамдардан үйрену керек.

iMedia Project Қазақстандық баспасөз клубымен 2014 жылдан бастап жұмыс істеп келеді. 2015 және 2016 жылдары 20 адамнан құралған екі топ оқу оқып, тәжірибеден өтті. Қатысуға ниеттілер іріктеудің екі сатысынан өтеді: бірінші сатыда эссе дайындайды, екіншіде әңгімелесу болады. Журналистің iMedia Project құндылықтарына сай болуы және тәуелсіз журналистиканы «өзінен бастауы» маңызды. Курстың басты мақсаты – мәтінді

iMediaProject жобасының түлектері – 2016.
Фото: Қанат Оспанов

қолдану арқылы сапалы әрі көз тартатын материалдар, фото, аудио- және бейне материалдар, инфографикалар және т.б. дайындау. Журналистер деректер журналистикасы және бизнес-стратегия мен БАҚ-тағы менеджмент бойынша курстан өтеді, пайда тапқысы келетін әрі қаржылық тұрғыда тәуелсіз болғысы келетін БАҚ үшін бұл өзекті тақырып екені даусыз.

«Мен «iMedia Project» жобасынан кейін бірден мультимедиялық сайтта жұмыс істей бастадым. Жоба барысында онлайн қызметтермен, карталармен жұмыс жасау, лонгридтерді жасау бойынша және өзге де алған білімім өте пайдалы болды. Біз өзіміз материал дайындап қана қоймай, жобамыздың Қазақстан, Қырғызстан, Тәжікстандағы серіктестерімен жұмыс жасаймыз».

Жанар Канафина, «Ашық Азия Онлайн» жобасының аймақтың продюсер

АЙМАҚТЫҚ БАҚ-ТЫҢ ЕКІНШІ ӨМІРІ

Өңірлік БАҚ өзінің веб-сайтына редизайн (қайта үлгілеу) жасау және жаңартуға грантқа сұраным бере алады. Аймақтық БАҚ-тың көбі сайттарын оншақты жыл бұрын ашқан, дизайны мен оның функционалдылығы ескірген, мультимедиялық материалдарды салуға мүмкіндігі жоқ. Нәтижесінде оқырмандар оларға қызықпайды, соның кесірінен жарнама берушілерді де жоғалтады. Ондай жағымсыз

Қосымшаларды дайындау:

- «Диапазон» (Ақтөбе)
- «Алау ТВ» (Қостанай)
- «Уральская неделя» (Орал)
- Лада.kz (Ақтау)

сценарийдің алдын алу үшін жаңа талаптарға сай басылым қажет. Еліміздің ірі қалаларында ондай талаптарға жауап беретін БАҚ аз, ал аймақтарда мүлдем

жоқ. Оның үстіне қазақстандық БАҚ-ты пайдасы мол бизнес деп атау қиын, сондықтан сайт иелері оны жаңартуға қажетті қаражат таппайды. Бұл жағдайды түсінген СҚҚ байқау нәтижесінде БАҚ-тардың сайтын қайта үлгілеу және оларға арнап ұялы телефондарға арналған қосымшалар дайындау үшін 10-нан астам грант бөлді.

БАҚ-ты қолдау бағдарламасының тәжірибесі көп және баспасөзге қатысты ҰЕҰ-мен тығыз қарым-қатынас жасайды, үнемі шетелдік сарапшылар және жетекші журналистермен жұмыс істейді, оларды қазақстандық тілшілермен байланыстырады. БАҚ-қа арналған бағдарламаның ендігі міндеті – Қазақстандағы пікір білдіру еркіндігін дамытуға ықпал ету әлі де күн тәртібіндегі өзекті мәселе және бағдарлама серіктестерінің бәрінің белсенді жұмысын талап етеді.

IMedia Project қатысушылары арасындағы стартаптар байқауының жеңімпаздары:

- Асқар Беков, қазақ тіліндегі «Myprofession.kz» қолданыстағы сайтының редизайны, Алматы қ.
- Марат Махметов, қазақ тілінде аймақтық жаңалық ресурсын жасау. Алматы қ.
- Әсет Қайларов, мультимедиялық ақпараттық ресурс әзірлеу, Алматы қ.



Репортаж түсірілімдері.
Фото: Жанар Каримова

СОРОС-ҚАЗАҚСТАН ҚОРЫ



© Сорос-Қазақстан Қоры

050000, Қазақстан, Алматы,
Желтоқсан к-сі, 111 А, 9-офис

Тел.: +7 (727) 250 13 54
Факс: +7 (727) 250 38 14



@SFKazakhstan